

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.1. - Б.332-334

«ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ, GREENTECHNOLOGY» ЖШС ЖЫЛЫЖАЙ КЕШЕНІ ЖАҒЫДАЙЫНДА ҚИЯРДЫ АУРУЛАРДАН ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

Мусабекова А.Т.

«Қазақстан 2050» ұлттық стратегиясы және «Агробизнес 2020» бағдарламасына сәйкес, Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің алдында жаңа технологиялар енгізу есебінде жылыжайларда өсірілетін экологиялық таза өнімдерді өндіру міндеті тұр. Қазақстанда соңғы жылдары жылыжайлардың көлемі едәуір үлкейген. ҚР АШМ мәліметтері бойынша қазіргі таңда жылыжай көкөністерінің аумағы 576 га құрайды. Оның ішінде 230 га жоғары технологиялы жылыжайлар болып табылады. Қазіргі таңда жылыжай көкөністерінің жалпы өнімі 90 мың тоннаға жеткенімен, еліміздің ішкі қажеттілігін маусымаралық кезеңінде тек 67% қамтамасыз етеді. Мемлекет жылыжай шаруашылығының дамуына қажет қаржы бөлуде.[1] Сондықтан, мемлекет өсімдік шаруашылығы өндірісін дамытуға және импорт көлемін төмендетуге барлық қажетті жағдай жасауда. Қазіргі таңда республикада көкөніс-бақша өнімдерін балғын және өңделген түрде тұтыну көлемі жылына шамамен 3,2 млн.т құрайды. Оның ішінде, импорттың алатын үлесі шамамен 6%. Көкөніс дақылдарының ішінде, әсіресе еліміздің оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтарында, ашық алаңда да, жылыжайларда да аса кең тарағаны қияр көкөнісі болып табылады. Бұл дақылды өсіру ауданы ашық алаңда 12-24 мың га (көкөніс дақылдары алқаптарының жалпы көлемінен 10-12%), ал жылыжайда 170 га құрайды. Қазақстанның оңтүстік-шығысында қияр өсіретін жабық танаптар (жылыжайлар мен пленкалы құрылыстар) көлемі шамамен 50 га құрайды.

Қияр – калориялық құндылығы төмен азық-түлік, С және каротин дәрумендерінің негізгі көзі. Өсімдіктің негізгі құрамы 94-95% су болып табылады. Қиярдың құрамында С және β-каротин дәрумендерінен басқа, аздаған қант (1,5-2%), ақуыз (1%), жасұнықтар (0,75%), В2 дәрумені (рибофламин), никотин қышқылы (РР), тиамин (В1), сонымен қатар хош иісті заттектер, жануар ақуызының сіңірілуіне әсер ететін пектиндік ферменттер болады. Басқа көкөністер мен картопқа қарағанда, қияр жемісінде йод көбірек болады. Қияр дақылында адам ағзасының ас қорыту жүйесін реттейтін, асқазан сөлінің қышқыл-сілтілі ортасын бейтараптандыратын дәрумендер мен минералды тұздар өте көп болады. [2].

Жылыжайда кездесетін зиянкестердің түр құрамы өте көп. Бұлар кәдімгі өрмекші кене (*Tetranychus urticae* Koch.), әртүрлі бітелер (*Aphids*), жылыжай аққанаты (*Trialeurodes vaporariorum* Westw.), трипстар (*Thrips*), үңгі шыбыны (*Liriomyza solani* Hering) және басқалары. [3] Едәуір мөлшерде ақ ұнтақ, тамыр шірік және т.б. аурулар зиян келтіреді. Көбінесе

зиянкестердің жаппай дамуын басу үшін өсімдіктің бір дақыл айналымында 15-20 ретке дейін пестицидтермен өңдеу жұмыстары жүргізіледі. Дүниежүзілік қауымдастық пестицидтерді пайдаланудың кері әсерін мойындап, көптеген елдерде оны пайдалануды шектеу керектігін негіздеп жатыр. Осыған байланысты, зиянкестер мен ауруларға қарсы өсімдіктерді биологиялық қорғау әдістерін жасау бойынша ғылыми зерттеулер жүргізілуде. Мысалы, жылыжайда қиярдың өрмекші кенесіне қарсы фитосейулюс жыртқышы, жылыжай аққанатына энкарзия және бітелерге қарсы афидиус тоғышарлары қолдануда. [4]

«Green Technology» ЖШС (Грин Технолоджи) Қарағанды жылыжайшылары сыртта ауа температурасы -35 градус аязды көрсетіп тұрғанда, кешен ішінде қиярдың жаңа өнім тұқымын себуге дайындық жұмысын жүргізіп жатқан. Жылыжай кешенінің директоры Қайрат Иманғазинов айтып кеткендей, даладағы аяз жылыжай ішіндегі агротехникалық жұмыстардың барысы мен көкөніс шығымдылығына аса әсерін тигізе қоймайды. Іске қосылғаннан кейін, өткен жылдың жазында алаңы 3 га жылыжайда 680 тонна қияр өсірілді. Өнім негізінен Қарағанды мен Астана қалаларында өткізіледі. Инвестжобаның жалпы құны — 1,3 млрд. теңге. Оның ішінде «ҚазАгроҚаржы» АҚ салған инвестициясы 918,1 млн. теңге. Жылыжайдың ең басты ерекшелігі- бұл, замнауи технологияларды тиімді пайдалану. Мысалы, мұнда климаттық бақылау компьютер арқылы жүргізіледі. Кешенде 8 түрлі салалардағы датчиктер бар. Олар ылғалдылық және температура процессор арқылы есептейді. Сондай-ақ қажет болған кезде, желдеткіштері автоматты түрде ашылады және жабылады, параметрлерді реттейді. Мұнда қиярлар топырақта өспейді. Арнайы минералды мақтадан жасалған, салмағы 100 граммды құрайтын субстраттарда өсіріледі. Әр субстрат 800мл сулы сіңіреді. Өте тиімді және табиғи. Осының арқасында, табиғи таза өнімге қол жеткізе аламыз. Әр өсімдіктен 10-12кг өнім алынады. «Green technology» кешенінің ең басты ерекшелігі- жыл бойына өнім беруінде[5].

Өкінішке орай, қазіргі таңда елге қиярдың жаңа піскен жемістері маусымаралықтарда жеткіліксіз екені білінуде. Отандық нарық көрші елдерден келген өнімдер сапасының құрамы күмәнді және құны өте жоғары көкөністерді ұсынуда. Сондықтан, сапасы жоғары жылыжай көкөністерін, соның ішінде қияр өндірісін арттыру республика үшін маңызды міндет болып отыр. Жылыжайда көкөніс өндірістерін арттыру негізінде жоғары технологиялық тәсілдерге сүйене отырып, зиянды организмдерден қорғау үшін тиімді құралдарды пайдалану қажет етеді. Сонымен қатар, тамшылатып суаруды пайдалана отырып, топырақсыз субстратта аз көлемді технологияларды қолданып өсіруге назар аудару керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы .

2. Шепетков Н.Г., Ысқақов.М.А. Жеміс-көкөніс шаруашылығы. Алматы,2011, №15 Б118.
3. Сағитов А.О., Ашықбаев Н.Ж. Өсімдіктерді биологиялық қорғау. Алматы, 2012, № 6 Б49
4. Бегалина А.А. Өсімдікті қорғау және карантин саласындағы заңнамалық нормативтері. Астана, 2013, Б87
5. Электронный ресурс: <http://www.kazagro.kz/>

Ғылыми жетекшісі: Ғ.Ж.Стыбаев, а.и.ғ.к., доцент